

Павлодар мұнай өңдеу зауытындағы мұнай өңдейтін екінші ЛК-6У қондырғы құрылысын аяқтау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 желтоқсан 1992 ж. N 1082

Қаржы қаражатының жоқтығы және экономикалық байланыстардың үзілуі салдарынан Павлодар мұнай өңдеу зауытында екінші ЛК-6У қондырғының құрылысы доғарылған болатын. Оны іске қосу жылына қосымша 2 миллион тоннаға жуық таза мұнай өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Едәуір құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі орындалғаны және жабдықтармен жинақталу дәрежесінің жоғары болуы ескеріліп, құрылысты тезірек аяқтау және жаңа қуаттардың неғұрлым толымды жұмыс істеуі үшін мұнайдың кепілді түрде беріліп тұруын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Павлодар мұнай өңдеу зауытындағы бастапқы мұнай өңдейтін ЛК-6У кешені құрылысын аяқтау орынды болады деп саналсын.
2. Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай және Жамбыл облыстары әкімдерінің Тюмень облысының мұнай өндіретін бірлестіктерін құрылтайшылар және жаңа қуаттың неғұрлым толымды жұмыс істеуі үшін мұнай беріп тұрушылар ретінде қатыстыра отырып, салынып жатқан мұнай өңдейтін ЛК-6У кешені негізінде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам құру туралы ұсынысына келісім берілсін.
3. Акционерлік қоғамның құрылтайлық құжатындағы акциялардың мемлекеттік пакеті жарғылық капиталдың кемінде 51 проценті болуға тиіс деп белгіленсін.
4. Ресейдің мұнай өндіретін акционер кәсіпорындарына қолданылып жүрген заңдардың шегінде Қазақстан Республикасының акционер кәсіпорындарымен бірдей құқыққа кепілдік берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі